

Р. ӘЛМҰХАНОВА

## ТОПАН СУ САРЫНЫ

Топан су сарыны бойынша зерттеуде казак, жалпы, Орта Азиядағы ислам дінін қабылдаған халықтардың Құранға арқа сүйеп, Нұқ пайғамбармен байланысты айтатын сюжетке дейін тағы бір фольклорлық мәтіннің болу мүмкіндігі бар деген тұжырым жасалды. Әлемдік мифологияда Құдайдың өмірімен Ной да, Нұқ та кеме жасап, Құдайдың айтқаны бойынша иман келтіргендер мен жан-жануарлардың түр-түрі кемеге салынып, аман қалуы ұқсас көрінгенімен, бұл сюжеттің өзінде өзгешеліктер жоқ емес. Тәуратпен немесе «Гильгамеш туралы эпоста» айтылғандай кеменің құрылымы қандай болу керектігі Құранда баяндалмаған. Бірақ «һұд сүресінде»: «Көз алдымызда нұсқауымыз бойынша кеме жаса» [1, 225-б.], – десе, Құранға түсінік жазушылар Нұқты алғашқы ұзақ өмір сүруші – му‘аммар болған, Нұқ кемесінің алдыңғы бөлігі – тауықтың басына, ал, артқы бөлігі оның құйрығы сияқты пішінде жасалған деп түсіндіреді. Бұл кеме нақты түрде үш қабатты деп айтылмаса да, оны көпқабатты деген [2, с. 195].

Кеме, біздің ойымызша, қылуеттің қызметін атқарған. Ной кемедегі жануарларға тамақ беріп, күні-түні ұйықтамай, тамақ бергені айтылады. Сонда арыстан тамақ әкелгенше шыдамай, Нойдың аяғына бір ұрып, жарақаттап, ақсақ қылған. Сонымен бірге жануарлардың арасында тамақ сұрап, мазаны алмаған Феникс құсқа Ной «Құдай саған мәңгілік ғұмыр берсін» [3, с.246], – деп айтқан тілегі қабыл болған. Ислам дінінің қағидасы бойынша мәңгілік тек қана бір Аллаға тән. Сондықтан бұл Құранда жоқ.

Қазақ ақыны Тұрмағанбет Ізтілеуұлының «Шаһнаманы» негізге алып, өзіндік нұсқа түрінде жырлаған «Рүстем – Дастанда» Жәмшиттің екі қартты шақыртатыны айтылады. Бұл екі қарт жай қарт емес, жастары мыңға жеткен. Олар:

Нұқтың екеуі де жолдасы екен

Ұстаған кеме ішінде ескекті алды [4, 32-б.], – деп таныстырылған. Бұл екі қарттың сөздерінен Нұқ пайғамбардың алдағы оқиғаны – Жәмшиттің бұларды шақыртатыны, сонда жүзім, коза, тары, арпа, бидай, қауын, қарбыздың тұқымдары салынған қалтаны беру керектігін айтып кеткені

белгілі болады. Яғни топан су кезінде кеме ішінде болған адам Алланың көмегімен жеке басын ғана аман сақтап қалмаған, ол мәдени қаһарманға лайық қызмет атқаруы оның жұрттың жағдайын ойлайтын дәрежеге жеткенін көрсету мағынасында қосылған.

Фирдоусидің «Шаһнамасында» бұл сарын жоқ, Жәмшиттің өзі елге «алтын заман» орнатқан. Сондықтан парсы шығармасын аударуда қазақ ақыны фольклорлық сананың ықпалымен кеме – қылует сарынын қосқан. «Шаһнаманың» идеясы, бұл шығарманы жазудағы мақсат белгілі, патшаларды ұлықтау мақсатын көздегендіктен оларды идеализациялау маңызды болған. Сол үшін Нұқ пайғамбардың кемесінде болған екі қарт туралы сарын қосылуы мүмкін де емес еді.

Тәураттан байқалғандай, кеменің үш қабатты болуы оның космостық модель болғанын білдіреді. Немесе ол үнгірдің қызметін атқарған. Қалай болғанда да, антикалық дәуірде үнгір космостың қызметін атқарған, сондай жерлерде алғашқы сәуегейліктер жасалған. Ной топан су басталғанша пайғамбар деп аталмаған, адамдардың азғанын көрген Құдай олардың арасында дұрыс жүрген адам Ной екенін көріп, топан судың хабарын соған айтады. Яғни топан су кезінде кемеді болғаны үшін және кемеге кіргізген жануарларға дұрыс қарағаны үшін Ной кейіннен пайғамбар болады.

Қазақ халқында топан су басылған кезде кеме Құранда аталатын Әл-Жуда емес, тарихи Қазығұрт тауында тоқтаған деп баяндалатыны белгілі. С. С. Сейфуллин Қазығұрт туралы біршама кең мәлімет қалдырған. Атап айтқанда, ол: «Қазығұрт тауы – Тәңірі артық жаратқан тау екен. Өзі аласа тау болса да, жер жүзіндегі таулардың қасиеттісі» деп таныстырып, оның қасиетті болу себебін сол таудағы үнгірде Қазықұрт атаның моласы болғанын, оған жұрттың табынып келгені, таудың басын бұлт басса, жұрт «Қазықұрт қарасын киді» деп, малдарын, т.б. дүниелерін жинап жүргенін, яғни бір керемет күш бар деп есептелгенін жеткізеді [5, 190-б.]. Топан судан аман қалып, Нұқ пайғамбардың кемесінен шыққан төрт түлік мал сол тауда өсіп-өнген деген тотемдік наныммен

сабақтастырған «Қазығұрттың басында кеме қалған» деген халық өлеңін мысалға келтірген. Бұл мәтінді топан су туралы мифтің алғашқы нұсқасы демесек те, бұл да ежелгі түсінік – әр малдың иесі бар деген анимистік нанымды бойына сіңіргендіктен көне мұра ретінде бағалау қажет.

Тау болған соң, әрине, ол қуыссыз болмайтыны белгілі. Алайда, қуыс атаулының бәрі қасиетті саналмайды. Оның бір бақсы не әулие, әйтеуір, қасиетті саналған адаммен байланыстырылғанда ғана ел ішінде сакральді қызмет атқарған. Ал, ежелгі грек мифінде айтылатын Парнас тауы – Грекия жеріндегі нақты географиялық нысан. Оның қасиетті саналуында бірнеше себеп бар. Крон балаларының адам шошытарлық түрін көргісі келмей, өз балаларын жұтып жатқанда Зевсті сақтау үшін Рея оған тас орап, баласы ретінде берген. Сол тасты Зевс кейін осы Парнас тауына мәңгілікке қойған [6, с.35]. Рим ақыны П. Н.Овидийдің Парнас тауының шындары аспандағы бұлттардан да биік, екі шыңы жұлдыздарға ұмтылған [7, с.39] дегені, әрине, поэтикалық әсірелеу. Әйтсе де, Парнас мифтік түсінікте Аполлон құдай мен музалардың мекені деп танылады. Парнас етегінде Аполлонның сәуегейлік жасайтын храмы болған [8, с.290]. Сондықтан халық санасында бұл таудың қасиеттілігінің негізінде ақын поэтикалық еркіндікке барған.

Ә. Х. Марғұлан: «Қазақ аңыздары бойынша, бүкіл дүниені топан суы басқанда Нұқ пайғамбардың кемесі Алатаудың бір бөлігі – Қазығұрт тауының басына келіп тоқтайды. Бұл мәселе әдебиетте жазылмаған, түбі Библиядан тараған бір ғажайып аңыз. Арараттан кейін Нұқтың екінші рет тоқтаған жері – таудың бір биік басы, Қазығұрт тауы» [9, 54-б.], – деп, оны Қазы-Қорқыт есімімен байланыстырған. Оның себебі – Қазығұрттың басына бұлт айналғанда әйелдер сескеніп, даладағы нәрселерін үйге кіргізеді. Түбі Қорқудан шыққан (Қорқыт)», – дегені, әрине, болжам. Бірақ ойлануға, ескеруге тұрарлық ой ұшқыны бар. Осындай жағдайларды ескере отырып, Қазығұрттағы кеме мен Нұқ туралы сюжеттердің кіріктірілгені және Құран қазақ даласына келгенге дейін-ақ ежелгі сюжет болған деген ойға негіз пайда болады.

Қазақ арасында, сондай-ақ, «Жылаған ата» туралы миф сақталған. Бұл мәтіннің маңыздылығы үнгірге байланысты көрінеді. Мәселен, ол туралы халық: «Қазіргі Түркістан маңында Бабай қорған ауылы бар. Сол маңда «Жылаған

ата» үнгірі бар. Оның неге олай аталатыны беймәлім. Сол үнгірден отыз-қырық минут сайын сарылдап, су ағады да тоқтайды. Белгілі бір уақыт көлемінде ғана сыртқа шығатын судың құпиясы беймәлім. Дәл үнгірге қарсы иіліп тұрған үлкен тас бар. Қырынан қараған адамға ол тас адам бейнесін елестетеді. Оны халық кемпір деп атайды. Сол тастың адам көзі тұсынан тамшылап, су ағады екен» [10, 99-б.], – дегені табиғаттағы құпияларды түсінбей, үнгірлердің осындай ерекшелігінен оларды қасиетті саналу мүмкіндігін көрсетеді.

Дж. Фрээр Грекия жеріне арнайы барып, топан су болған деп айтылатын аймақтардың табиғи ерекшелігін байқаған, Тәураттағы және басқа да халықтардағы топан су сарынын зерттеп, бұл тақырыптағы мәтіндерді әпсана және мифтік деп жіктеген [11, С.94–96; 169–170]. Осындай тәсілді қолданудың негізінде антикалық гректердегі Дардан мен Девкалион есімдерімен байланысты сақталған топан су сарыны болмаған деп атап өткен. Ежелгі грек мифіндегі топан су сарыны шығыстан келген деген пікірді П. А. Гринцер де айтқан. А. Ю. Афанасьев «Мифология катастроф» атты еңбегінде Құранда Нұқтың Кенған есімді баласының суға кетуі адамның аты ретінде емес, Кенған -Канан- Ханаан, мұның соңғысы Палестинаның ежелгі атауы деген ойды білдіріп, Тәуратпен Құранның арасында жақындық бар деп есептейді [12, с.18].

Топан су сарынына С.Қасқабасов та көңіл бөлген. Ол Латын Америкасындағы үндістер арасындағы рулық-тайпалық мифтерде баяндалатын топан суға құдайлардың қатысы жоқ, оны шамандар да қайтара алады, тіпті, суды бөгеуге адамдардың өздерінің де мүмкіндігі бар деген түсініктің болғанына назар аударған. Сондықтан ол: «Рухиелік мифологияда тасқын су туралы миф бүкіл әлемдік сипатқа ие емес, онда эсхатологиялық ой толық айтылмайды» [13, Б.338-343], – деген. Зерттеу барысында топан су мен ақырзаман, жерұйық сарындарының іліктес екендігі де анықталды.

Ақырзаман сарыны туралы М.Элиаде көңіл аударарлық қисынды ой білдірген. Ол: «Следует подчеркнуть, что представление о рае и его поиски находятся в тесной связи со страхом приближающейся катастрофы. Миграции и поиски рая вызываются надеждой достичь «счастливой земли» до того, как наступит конец света» [14, с.135], – деп, ғылымда осы кезге дейін ақырзаман және жерұйық сарындарының бөлек қарас-

тырылып келген ойларды бір-бірімен іліктес карауға қадам жасаған. Шынында да, қай халықта болса да, топан су бүкіл әлемді басып, әлем хаосқа түсіп, космостың қайта жасалуы туралы миф кездеспейді. Қазақтарда Қазығұрт, ежелгі гректерде Парнас таулары, әйтеуір, адамзаттың апаттан құтылуына бір саңылау боларлықтай мекеннің болуының өзі жерұйық сарынының өзегі бола алады. Бүгінде «жерұйық» сөзі санамызға әбден сіңісті болды да, ежелгі дәуірдегі «Ергенекүн» ұғым ретінде шет қалды. Ш.Құдайбердіұлы «Ергенекон дегеннің мағынасы – тік жар» [15, 10-б.], – деуі реалды сана бойынша қабылдау. Бұл, біздің ойымызша, сол замандағы халықтың фольклорлық санасы бойынша жерұйық қызметін атқарған.

Ғұндардың Ашина деп аталған әулеті туралы сюжетті жазған Н. Я. Бичурин Ергенекүн мәнін анықтауға көмектесетін мәлімет жариялаған [16, С.226 –227].

Ш.Құдайбердіұлының жазғанын басшылыққа алған болу керек, «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында Ергенекон деп жазылған, мұндай жазудың мәнісі сөздің екінші бөлігіндегі маңыз – қоныс деген ұғыммен байланыстырылса керек. Баспасөзде, тіпті, Ергенекөң деген атау да жарияланды. Дегенмен, біздің ойымызша, Н.Бичуриннің қытай жазбаларына сүйеніп жазған еңбегіндегі «Ергенекүн» атауы дұрыс сияқты. Өйткені, Ергенекүн, шынында да, тастанды балаларға қорғаныс болған және бұл сөздің екінші бөлігі Күнге деген табынушылықтың әлі өз күшін жоймаған кезімен байланысты екенін көрсетеді. Ердене сөзінің семантикасын тануға алтайлық «Сырғашы» ертегісі көмектеседі. Бұл ертегіге түсінік берушілер: «Ердене – случайно найденная вещь, приносящая счастье. Жена Каамдучи принесла ему радость – родила дочку-умницу» [17, с.313], – деп көрсеткен. 1948 жылы қазақ тілінде жарық көрген «Күлдіргі ертегілер» атты жинақта «Намаз», сондай-ақ, Монғолиядағы қазақтар арасында «Есірік» деген атаумен белгілі ертегіде «Ерденесі мойнында» деген жолдар бар, мұндағы ердене – ергенек – киіз үй есігінің алдына қойылатын тосқауыл, есік бастырғыш, яғни табалдырық мағынасында қолданылған. Ал, табалдырық – киіз үйдің іші мен сыртқы әлемдерді байланыстырушы қасиетті шекара. Сондықтан «Ергенекүн» деген атаудың қасиетті ұғымды беруі де әбден мүмкін. Нандеву тайпасындағы иви-номи-мбире сөзін талдаған М.Элиаде «біз жасырынатын жер», яғни апатты жағдайда бізге қор-

ған болатын жер, ал, «иви-мара-еи» сөзі ғ зұлымдық жоқ жер, мұндағы иваи ғ аспан ұғымын беретініне мән берген. М.Элиаде еңбегін орыс тіліне аударған ғалымдар оны рай деп берген, бірақ бұл классикалық діндердегі жұмақ еместігі түсінікті. Ежелгі мифтерде тозақ пен жұмақ ұғымдары әлі жоқ. М.Элиаденің айтар ойы – ақырзаман сарынына параллель – халыққа қорғаныш боларлық жердің табылатынына деген нанымның болуы. Ал, классикалық діндерде ақырзаман адамдардың күнәға батуы себепті болады. Архаикалық нанымды сақтаған халықтарда, мәселен, гваран тайпасында жер де адам сияқты жұмыс істеп, шаршап, демалғысы келеді. Сондай кездерде жерді топан су басады немесе ақырзаманның басқалай көріністері орын алады деп сенген.

Е.М.Мелетинский мен М.Элиаде байқағанындай, мифтік космос пен хаостың реттелуі циклді түрде жаңғырып отырған. Мұндай пікірдің пайда болуына мифтің ерекше қызметі – модель жасау екендігі [18, с.171] ықпал етсе керек. Мұндай ойды анықтай түсуге тірек бола алатын қазақ ғалымы М.Ж.Көпейұлы Наурыз мейрамының шығу тарихы туралы жазғаны бар. Мұнда ол: «...Нұқ пайғамбар еркегі, ұрғашысы араласып, сексен қаралы жолдаспен кеме жасап мініп, алты ай, он күн суда жүзіп, су тартылып, кемесі Қазығұрт тауына кез болып, соған тоқтап, құрғақшылық көріп, қара жерді басқан. Біреудің әкесі, біреудің баласы, біреудің бауыры, туысканы қырылып қалып, «салт атты, сабау қамшылы» болып, судан шыққан. Тышқандай сүмірейіп шыққан соң, тамақтарынан ас жүрмеген:

– Енді біз тірі болғанда неменеге жараймыз?! – деп, уайым-қайғыда болған. Сонан соң бір үйретуші табылып, арақ жасап ішкен» [19, 242-б.], – деп, мухаррам айының басталуымен сабақтастырады. Әрине, арақ жасап, той қылу Наурыз мейрамының түп негізін анықтамайды, біз үшін маңыздысы – топан су сарынынан кейінгі елдің мереке жасауы. Бұл мереке халық санасында табиғаттағы жаңғыру – космостық жаңғыру циклді түрде болады деген түсінікті байкатады. Қорытындысында қазақ мифологиясында топан су сарынының болу мүмкіндігі ашылады. Қазығұрт тауында кемеңіз тоқтауы тек Нұқ пайғамбар заманындағы топан судан бөлек айтылған болу керек. Кейінгі заманда Нұқ пен Қазығұрт туралы мифтік сюжеттер қосылып кеткен.

Осылайша С.А.Қасқабасовтың Латын Америкасының мифін талдау барысында топан суды бақсылар да тоқтата алады деген пікірі дұрыс

болып шығады. Жалпы, Қорқыт ата есімін Қа-зығұртпен байланыстырған Ә.Марғұланның да пікірі толықтай қолдауды көтермесе де, бір жағынан, осындай топан судың циклдік сипатын түсінуге көмек етеді. Мұнда Қорқыт бақсы емес, әулие ретінде көріну мүмкіндігі де бар.

Ғалымдардың пікірінше, Мұз дәуірі мен топан судың ең алғашқысы 850 000 жыл бұрын, ал, соңғысы 100 000 жыл бұрын болған деп есептеледі. Фольклорлық сарын ретінде қай кездегі топан су айтылады деген сауалға Е.П.Блаватская: «Несомненно, первый, тот, который по настоящее время остался запечатленным в традициях всех народов от самой отдаленной древности; тот, который наконец поглотил последние полуострова Атлантиды, начиная с Рута и Даитья и кончая сравнительно небольшим островом, упомянутым Платоном» [20, С.141?142], – деп, жауап береді. Сондықтан топан су сарыны циклді түрде халық санасында универсальді дәстүрде орын алғаны, тарихи маңызды кезеңдерде жаңғырып отырған деп тұжырым жасауға болады.

Топан судың алғашқы түрі Жер-Ананың космостық шаршауымен байланысты, ал, екінші түрі – әртүрлі жолмен ел санасына сіңісті болған мәліметтер. Тарихи аумалы-төкпелі киын кезеңдерде ақырзаман сарынының жаңғырып тұру салдарынан топан су немесе басқа да оның көріністері қайталану мүмкіндігін ойлау қай халыққа да тән, соның салдарынан фольклорлық санада бар сюжеттер мен сарындар қайтадан қолданыста болуы циклдік сипат алады. ОҒК қолжазба қорындағы 656-бумада сақтаулы «Ақырзаман туралы» деген мәтінде ел адамдарының бас қосқан бір жиында сол заманның өзекті мәселесі – намысты ерлердің жазықсыз қорлық көруі, ұлдың әкесін, қыздың шешесін тыңдаудан қалғанын айтқан Торайғырдың өлеңі берілген. Бұл ақырзаман туралы сарынның әр кезде пайда болу мүмкіндігі көп екендігін көрсетеді. Мұның бәрі, ақырында, осылайша ақындар тарапынан зар заман бағытының қалыптасуына жеткізген.

Қорыта айтқанда, қазақ фольклорында ежелгі дәуірден бастап әлемдік мифологияда орын алған сюжеттер мен сарындардың соңғы ғасырларға дейін сақталғанына көз жеткізуге болады.

## ӘДЕБИЕТ

1. *Құран Кәрім*. Қазақша мағына және түсінігі / Аударған Х. Алтай. Медине, 1991.
2. Ислам: Энцикл. словарь. М.: Наука, Гл. ред. вост. ред., 1991.
3. Библия и Коран. Пророки. Праведники. Мудрецы. (Серия «Антология мудрости») / Комм. Л. Яковлева. М.: Изд-во ЭКСМО-Пресс, 2002.
4. *Ізілеуұлы Т. Рүстем – Дастан* (Фирдауси «Шаһнамасының» желісімен жазылған қаһармандық жыр). Бірінші кітап. Алматы: Жазушы, 2004.
5. *Сейфуллин С.* Шығармалар. 6 томдық. Т. VI. Алматы: Жазушы, 1964.
6. *Гесиод*. Полное собрание текстов / Вступ. ст. В. Н. Ярхо. Комм. О. П. Цыбенко и В. Н. Ярхо. М.: Лабиринт, 2001.
7. *Публий Овидий Назон*. Метаморфозы / Пер. с латинского С. Шервинского. Вступ. ст. С. Ошерова. Примеч. Ф. Петровского. М.: Худ. лит-ра, 1977.
8. Мифы народов мира. Энциклопедия. В 2-х т. / Под ред. С. А. Токарева. М.: Большая Российская энциклопедия, 2003. Т. 2: К ? Я.
9. *Марғұлан Ә.* Ежелгі жыр-аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар. / Құраст. Р. Бердібаев. Алматы: Жазушы, 1985.
10. Қазақтың мифтік әңгімелері. Алматы: Ғылым, 2002. 320 б.
11. *Фрэнк Дж. Дж.* Фольклор в Ветхом Завете / Пер. с англ. 2-е изд., испр. V.: Политиздат, 1989.
12. *Афанасьев А. Ю.* Мифология катастроф. М., 2003.
13. *Қасқабасов С.* Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. Астана: Аударма, 2002.
14. *Элиаде М.* Ностальгия по истокам. М.: Институт общегуманитарных исследований, 2006.
15. *Құдайбердіұлы Ш.* Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы: Қазақстан; Сана, 1991.
16. *Бичурин (Иакинф) Н. Я.* Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. 1. М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1950.
17. Алтайские народные сказки. Новосибирск: Новосибир. обл. изд-во, 1937.
18. *Мелетинский Е. М.* Поэтика мифа. М.: Глав. ред. вост. лит-ры Наука, 1976.
19. *Көпейұлы М.* Шығармалары: Он томдық. Т. 8. Павлодар, 2007.
20. *Блаватская Е. П.* Тайная доктрина: синтез науки, религии и философии. В 2-х т. Т. 2. М.: АСТ; Донецк: Сталкер, 2005.

## Резюме

Разработан мотив потоп как в фольклорном аспекте. Учитывая казахские фольклорные данные о горе Казгурт выявлена возможность о наличии данного мотива в доисламский период.

## Summary

The article includes typological research of the world flood motives in folklore aspect. Taking into consideration the folklore data about Kazigurt mountain the possibility of availability of such motive in pre-Islam period has been revealed.